

КАЗАКСТАН 3' 2009

әуелері

ҚАЗАҚ ШАҢЫРАҒЫНА АРНАЛГАН ЖУРНАЛ



Серік ТҮРҒЫНБЕКҰЛЫ: Ақын қай кезде де қоғамына жаққан емес



Қашан да ақынның айтар ойы – халықтың мұны, елдің сөзі. Қазіргі қоғамда ақындар үлкен екі топқа бөлініп, екіге жарылып тұрғандығы жасырын емес. Олардың бір тобын билікке мадақ-мақтау айтып, жағынған жағымпаз ақындар тобы құраса, екіншісін – шырылдан шындықты айтқан ақындар алып отыр. Соңғы кездері «Ей, Абылай, сені мен алғаш көргенде, бидің түйесін баққан құл едің» деп ханның қаһарынан қорықпаған Бұхар жырау, «Хан емессің қасқырсың, қас албасты басқырсың» деп жырлаған Махамбеттердің сара жолынан жаңылып бара жатқан секілдіміз. Жалпы, ақынның міндегі не? Бүгінгі қоғамдағы ақындар қаншалықты ақиқатты айтып жүр? Осы және өзге де сұрақтар төнірегінде ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Серік Тұрғынбекұлымен жолығып, әңгіме дүкен құрған едік.

ШЫНДЫҚТЫ АЙТҚАН АДАМ ЖАҚПАЙДЫ

– Серік аға, жуық арада Астана төрінде үлкен ауқымда ақындар айтысы өтейін деп жатқанынан хабардар шығарсыз. Әңгіменің әлқисссасын осы айтыс ақындарынан бастасақ... Жалпы ақындар айтысында ақиқат қаншалықты айтылып жүр?!

– Айтыс шындықты айтқандығы үшін ғана халықта жақын. Егер айтыс шындықты айтпаса, онда халықтың ықыласы болmas еді. Халықтың айтысты аңсайтын себебі өздерінің көкейінде жүрген шер-шермен шындықты ең болмаса айтыс ақындары айтады деп үміттенеді. Бірақ соңғы кездері айтысты биліктің қолға алып, сол биліктің ықпалымен жүзеге асуы көптеген шындықты бүркемелеуге, батылсыздыққа алып келіп отыр. Бұл жағдай шындықты айтуға кедергі. Билік болған жерде өзінің мақсаты болады. Олар өзінің сол мақсаттарына шығармашылық адамдарын пайдаланғысы

келеді. Бұл баяғы Кеңес үкіметінен келе жатқан келенсіз жай. Тарихтан да белгілі, ерте замандарда байлар, билер ақындарды пайдаланып өздерін мақтатқан. Сол сияқты бұл да соның бір түрі сыңайлы. Ал, сол бай, би, патша-бағландарды, тіпті, кешегі Кеңестік кезенде көсемдерді мақтап, мадақтаған ақындардың ешқайсысы да тарихтан өз орнын алған емес.

Олар сол белгілі бір кезенің ақындары болып қана қалды. Эрине, олардың арасында да елді елең еткізәрлік ой, халықтың жүргегіне жол табатын сөз айтқан тың үрдістер кезігіп қалып жатады. Таза табиғи болмысты көрсетпеу – ақындықтың шынайы белгісі емес. Мұны оқырман, көзі ашық кісілер жақсы біледі. Сондықтан, халық айтыстан өздері айта алмаған немесе билік басында жүріп, батылдық көрсете алмаған, айта алмаған ой-пікірін естігісі келеді. Ал, жазба ақындарға келсек, олар айтыс ақындары сияқты шырқап айтпайды, бірден алаңға шыға алмайды. Баспасөз беттеріне берген күннің өзінде, ол біреуге тарайды, ал біреуге жетпейді. Кітап та осындай күйде. Кітаптың таралымы, халыққа жетуі кемшін. Олар да үндемей қалып жатқан жоқ. Айтып жатыр. Әсіресе, жас ақындар қатты шырқап, ерекше бой түзеп келе жатыр.

– Аға, сөзіңіз аузыңызда. Жазба ақындар туралы әңгіменің бір ұшын шығардыңыз. Бұғінгі таңда қоғамда да, ақындар арасында да жағымпаздар көбейіп кеткендігін жасыра алмаймыз. Қазір ақындар ода жазса да, «жыласа да» жақпайды. Сонда ақындар не істеуі керек?!

Жалпы, ақынның міндеті не?

- Ақын қай кезде де өз қоғамына жаққан емес. Жалпы, шыншыл ақындар батыл ой айтқан, биліктің мінін көзге шұқып көрсеткен, заманың зиянды сэттерін алдын-ала болжап біліп, халықты көп жағдайдан сақтандырып отырған. Ал, билікке, байларға бас ұрган ақындар бұл жағдайды көтерген де, айтқан да емес. Олар сол кезеңдегі сәтті өзabyройларын көтеру үшін ғана пайдаланған. Халықтың жан дүние-сіне еніп, ішкі тылсымын сезіп, тың ой айтқан ақындарды кезінде көп адам түсіне бермеген. Қоғамға жақпаған. Сондықтан, үлде мен бұлдеге оранған мақтау-мадақтың ақындары болмаса, шыншыл ақындарды қай заманда да қоғам өз уақытында қабылдай алмаған. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың «Ақында адамзаттан дос болмайды, Жалғыз-ақ мұнын шерткен қаламына», – деген сөздерінің астарында үлкен шындық жатыр. Ақында дос болмайтын себебі – ол шындықты айтады. Ал, шындықты айтқан адам ешкімге жақпайды. Қазіргі қоғамның жаппай жағымпаздыққа айналып бара жатуының бір себебін мен өзім былайша түсіндіремін. Ана жылдары халықтың еңсесі езіліп, көп нәрсе күйкі тірлікке айналып, жадағай-жұқа тірлікке тап келіп, қолда бардан айырылып қалған кезде алаяқтар, жемқорлар есебін, сол кездегі жүйенің жағдайын тауып байып алды да, олар сол байлықты өз мұдделеріне қарай жұмсай бастады. Сол тұста ештеңеге ебі жоқ ақын-жазушылар өте күрделі жағдайға қалды. Осыны пайдаланып көп адамдар әдебиет өкілдеріне кітабын жазғызды, ақша берді, көмектесті, сол арқылы өзін мақтатты. Жаман үрдіс қашан да тез белен

алатыны белгілі ғой. Осы үрдіс те тез белең алып кетті. Келе-келе ол өз ауқымынан шығып, мемлекеттік деңгейге дейін жетті.

Көз көріп, көңіл сезіп отырган, халықтың мұң-шері, елдің тағдырына келенсіздік келтіріп отырган жайларды айту, ертең не боламыз дегенді ашық айту, бүгінгі қолына тиген ішіп-жемге ғана тәубе демей, болашақтағы жағдайымызға аландау – ақындардың бірінші міндеті.

Соңғы кезде ақындардан халық алыстап бара жатыр. Себебі ақын десе, көбісінің көз алдына жағымпаз ақындар «көлбендейді». Жағымпаз ақындарды халық ішінен ұнатпай тұрады. Осылайша, «акын» деген атаудың өзіне дақ түскендей. Ал, жексүрын ақын болғанның бұл өмірде қаншалықты бағасы бар?!

ЕЛБАСЫҒА АРНАУ ӨЛЕҢ ЖАЗАТЫН БОЛАМ

– Сізді жұрт «Арнау өлеңнің алыбы» деп атайды. Алайда сіздің биліктегілерге арнау жазғаныңызды көрмеппіз. Егер шынымен осы атқа лайық болсаңыз, бүгінде лауазымды қызметте отыrar ма едіңіз, кім білсін?!

- Негізі Кеңес өкіметінде жақсы еді, біз (акындар – Н. М.) мансапқа, қызметке қызықпайтыныңыз. Өссек, тек «Жазушылар одағында» ғана өсетінбіз. Ақындар тіні жұмсақ адам болып келеді. Шыны керек, шығармашылық адамдары министр не әкім сияқты басшылық қызметтерді атқара алмайды. Мен арнау жазсам «жанын шығарып» тұрып арнаймын. Құр мадақ-мақтау емес, адамның ішкі психологиясына сөзден сурет саламын, адамның табиғи болмысын ашамын. Бұған шеберлігімнің жететінін білемін. Маған Алла сыйға берген табиғи талантымды, өлеңдегі өрнегімді билік басындағы жеке адамдарға арнағым келмейді. Бәріне топырақ шашудан аулақпын. Жасыратыны жок, билік басында да арнау жазуға тұрарлық мықты-мықты жігіттер отыр. Бірақ, «Анау министр екен, дәкей екен, ел басқарып отыр екен» деп арнау жаз-ғым келмейді. Онсызда Елбасының төңірегінде топырлап, алдына жан салмай мақтап жатқандар көп. Олар ертең басқа біреу ел басқарса, оны да мақтайды. Бір сөзben айтқанда, олардың табиғаты солай қалыптасып кеткен адамдар. Мен Елбасыға арнауды оның кем-кетігі көп дегендіктен емес, өз уақытын күтіп жүрмін.

– Елбасына арнау арнамақ ойыңыз бар ғой?!

– Иә, бар. Менің ойымша денім сау, аман-есен болып, алда-жалда жүйе өзгеріп, Елбасы үлкен абыраймен басқаларға жол беріп, өзінің ізбасарын дайындал қалдырған кезде мақтайтын сияқтымын. Мен сынды қазір айтып жатырмын, ал, сол шақта Елбасыны мадақтап дастан жазатын боламын.

– Десек те, қазіргі ақындарымыздың көбісі арнау өлеңмен «жан бағып» жүргендігі жасырын емес қой...

– Біріншіден, бұл ақындардың ішкі қуатының әлсізідігінде. Олар қындыққа төзе алмай, қаресе алмай жатыр. Екіншіден, оған уақыт мәжбүрлеп отыр. Бірақ шын мықты ақын ешқашан ондайға бармауы керек. Тойға барып ән салған талантты әншіге қарағанда, ақын-жазушының тегеуріні мықты болуы керек. Өйткені, олар ұлттың сөзін сөйлейтін адамдар емес пе?!

«АҚ ЖОЛДАН» ӘЛІ ШЫҚҚАН ЖОҚПЫН

– Сіздің бір жылдары «Ақ жол» партиясына мүше болғанызызды білеміз. «БАҚ өкілдері айт-қандай Әлихан Бәйменов – «құбыжық» емес» деп айтқаныңыз да есімізде. Артынан «Ақ жолға» Перуашев келсе маған орын жоқ» деп партия қатарынан шығатынызызды мәлім-дедініз. Мұның мәнісі неде? Бәйменовпен жұмыс істей алған адам неге Перуашевқа қарсы?!

– Біз аздаған ақындар, ақын-жазушылар – А. Айталы, Шымкенттегі батыл, батыр қыздардың бірі Х. Есенфараева, И. Сапарбай, И. Исалар ақылдасып, Перуашев та қазақтың азаматы ғой, дегенмен «Неге келді? Осыны байқайық, білейік» деген шешімге келдік. Партия қатарынан көбісі шығып кетіп, «Нұр Отанға» барды. Мен де «Нұр Отанға» бұрын барғанымда депутат болып, қазір тарқап, жаңа ғана мойным босап жатар еді. Бірақ мен бармадым. Жасыратыны жоқ, Әлихан – өте білімдар, кеменгер жігіт. Оның ой-білімі, тәлімі көп адамдарды сүйсіндіреді. Біз Бәйменовке иек артқан себебіміз - жас болса да оның өмір-тәжірибесі үлкен. Перуашевтің келуі партияда қаражат болмай, тығырыққа тірелген кезben тұспа-тұс келді. А. Перуашев келіп, төнірегіне қалталы, жағдайы жақсы азаматтарды жып жатыр. Ал қалталы, жағдайы жақсы азаматтар партияға кіргенде баяғы кездердегідей «болыс боламын» деген сыңайлы, «мен тек міндетті тұрде депутат боламын» деген мақсатты ғана көздел кірсе, одан ештеңе шықпайды. Олар партияда шындалуы, халықпен араласуы керек. Ашығын айтайық, «байлығыммен, қалтаммен депутат боламын» деп келгендеге біз қарсы қаресеміз. Оны біз өзіміздің басқосу съезімізде айттық. Бәрін уақыт көрсетеді. Егер осы партияда өмір сүретін болсақ, халықтың мұның түсінбей, оны айтпай, байлығына ғана сенген адамдарға қарсы тұрамыз. Мәселе тек депутат болып қаресуде ғана емес, ақын болып та, азамат, қайраткер болып та қаресе білу керек.

– Сонда сіз әлі де «Ақжол» партиясының қатарындасыз ғой?!

- Иә, «Ақжол» партиясындамын. Біз бұл партияны біржола тастап кеткен жоқпыш. Әлиханмен ақылдастық және үлкен қайраткер Амангелді Айталының сөзіне тоқтадық. Кеткенде қайда кетеміз? Бәрібір айтатын сөзіміз

осы емес пе? Бізді «Нұр Отан» қабылдамайды. Оның өзінің қалыптасқан адамдары бар. Не болса да біз елдің сөзін сөйлеп, «айқайласуға» бел будық.

ТОҚТАР ТУРАЛЫ ДАСТАНЫМ ЖАРЫҚҚА ШЫҚПАЙ ЖАТЫР – Аға, айтыңызшы, бүгінгі құнгі ақын-жазушыларымыздың саяси белсенділігі қандай??!

- Шындығын айту керек, ақын-жазушылардың күн көрісі онша емес. Ақын-жазушылардың кітаптары шықпайды. Егемендікке жиырма жыл болды деп тақиямызды аспанға лақтырып тойлатып жатырмыз. Жиырма жыл тұрмак, қазақ халқы әлімсақтан туғалы, жарал-ғалы ақынсыз, жазушысыз, өнер адамдарынсыз ғұмыр кешкен емес. Ұлттың рухын көтеріп келе жатқан осы адамдар. Ең болмаса, мемлекеттің ақынға, жазушыға төлейтін қаламақысы жоқ. Қазір теледидарды қосып қалсаныз, басқа мемлекеттерден бай екендігімізді айтудан жалықпайды. Шетелге тауарларымыз ағыл-тегіл асып, елімізге пайда құйылып жатыр екен. Сонда халықтың мұнын айтып жүрген әдебиет өкілдеріне берілетін қаламақы табылмай қалғаны ма?

Әлде халықтың мұнын айтқаны үшін ақын-жазушылар мемлекетке, қоғамға өгей бала болуы керек пе?! Ең болмаса, сенің мандай тер еңбегіңмен, жүргіңмен, қаныңмен жазған шығармаңа қаламақы төлейтін заң да шыққан жоқ. Байлар алдыңа жем тастап, ақша береді де саған өз кітаптарын шығартып алады. Ана әншілерің тойдан барып табыс тауып, күнелтуде. Мадақшыл адамдар жеке тұлғаларды мақтап, мадақтап, дастан жазып, ақша, машина алады. Баяғыда жазылған шығарманың қаламақысына бір машинаның ақшасын беретін. Қазір оны жекелеген қалталы байлар береді. Талантты, мықты ақын екенінді біле тұрып, сол жолға түсіп кетсең – ұлтыңды сатқаның болып есептеледі. Мақтағанда да абай болу керек. Тұлғалы, нағыз соған сай азаматтарды неге мақтамасқа? Мен мысалы, бұрынғы Кейкі батыр, Махамбеттерге арнап жазған шығармаларымды айтпағанда, Тоқтар Әубәкіровке арнап дастан жазғанмын. Тоқтарды қазір билік тыскары итеріп, оның қадір-қасиетін құрметтемей отыр. Кеңес өкіметі болса, Тоқтар басқаша өмір сүрер еді. Тоқтар – алып державаның өзі мойындаған, 73 сынақтан аман қалған үш адамның біреуі, былайша айтқанда, Батыр. Ол қазір де халықтың сөзін сөйлеп отыр. Неліктен мен оны өзіме жақын тартып, мадақтамаймын? Билікке бірер ауыз қатты айтты екен деп оны жау көруіміз керек пе? Мениң осы поэмамды ұсынсам, мемлекет кітап қылыш шығармай отыр. Тым-тырыс. Үкіметтен қорқа ма, мүмкіндігі бар жеке адамдар оны шығаруға ықыластанбай отыр. Осыдан барып ақын-жазушыларымыз қайтіп саяси белсенді болады?!

ШАШЫМДЫ ТЕМІР ТАРАҚПЕН ҒАНА ТАРАЙТЫНМЫН

Серік Тұрғынбекұлы, салиқалы әңгіменіздің сонын жеңіл бір сұрақпен түйіндесек қалай қарайсыз?!

– Қалауың білсін, айналайын.

– Осы сіздің шаш қойысыңыз ерекше. Бұл «прическаныздың» қандай да бір сырғы бар ма, әлде ақынның ерекше «стилі» ме, мүмкін біреуге еліктеу шығар...

– Менің шашым жас кезімнен өте қалың болды. Тарак өтпейтін болған соң, тарамайтынмын. Сонын болмаған соң темір тарақ сатып алатынмын. Жас келе-келе шашым сирей бастады, азайды. Азайғаннан кейін тым жалбырата бермейін деп, кішкене шашымды қысқартқам. Бірақ, басымды орнында жоқ сияқты сипай беремін. Жұрт ондайда бетіме қарайды да әзер таниды. Алдында Қасымның тойына барғанда кейбіреулер өтіп кетіп, бұрылып келіп зорға танып жатты (Күледі). Шаш та, имиджім де осылай қалыптасқандықтан мен де соған үйреніп қалғанмын. Әйтпесе ешқандай «құпия» сырғы жоқ.

– Сұхбатыңызға көп рахмет!